

Т.Я. Сәтбай<sup>1</sup>, К.М. Ильясова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,  
Қызылорда, Қазақстан

<sup>2</sup>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
(E-mail: dastan.satbai@mail.ru, kulpash\_66@mail.ru)

### Соғыстан кейінгі жылдардағы Қазақстан шығармашылық одақтарының материалдық жағдайы

**Аңдатпа.** Мақалада соғыстан кейінгі жылдардағы Қазақстан шығармашылық Одақтары мен көркем интеллигенциясының материалдық әлеуметтік жағдайы қарастырылады. Соғыстан кейінгі жылдары Шығармашылық Одақтардың ішіндегі ең белсендісі Жазушылар Одағының баспанасы болды ма, болмады ма кесіп айту өте қиын. Бес-алты шағын бөлмелерден тұрған үйшікте бес ұйым: екі журналдың редакциясы, әдеби қор, авторлық құқықты қорғау жөніндегі басқарма және Жазушылар Одағының барлық секциялары орналасты. 50-ші жылдары да Жазушылар Одағынан баспана мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Композиторлар Одағының мекен-жайы мүлдем болған жоқ. Композиторлар Үйі 1969 жылы ғана салынды. Сәулетшілер, кинематографистер, журналистер, суретшілер Одақтарының да баспаналық сергелдені бұдан кем болған жоқ. Мақалада, сондай-ақ, Қазақстан көркем интеллигенциясының материалдық әлеуметтік жағдайының ауырлығына, Шығармашылық Одақтардың дербес баспаларының, көпшілігінің баспа органдарының, басылымдарының болмауы да әсерін тигізгені аталып өтіледі. Көркем зиялыларының материалдық – әлеуметтік жағдайына әсер еткен басқа да факторлардың рөлі көрсетіледі.

**Түйін сөздер:** Қазақстан шығармашылық Одақтары, көркем интеллигенция, Сәулетшілер, кинематографистер, журналистер, суретшілер, Шығармашылық Одақтары, материалдық-әлеуметтік жағдайы.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2020-130-1-64-74>

**Кіріспе.** Өткен ғасырдың 40-жылдардың аяғы мен 60-жылдардың соңындағы Қазақстан шығармашылық Одақтарының жұмысы Кеңестік саяси жүйенің эволюциясы мен оның жоғарғы топтарындағы «сарай төңкерістерімен» тығыз байланысты болды. 40-жылдардың аяғы мен 50-жылдардың басында шығармашылық Одақтардың жұмысына билеуші топтардың баса-көктеп араласуы күшейе түсті. Шығармашылық интеллигенция өкілдерінің көпшілігінің жеке басына, олардың семьяларына нақты қауіп төнді. Кеңестік тоталитарлық жүйенің аса ірі зұлматты зұлымдықтарының бірі сонда- жеке адам «кінәлі» болып табылған жағдайда «кінә» автоматты түрде оның бала-шағасына, туысқандарына, жақындарына, дос-жарандарына да таңылды. Алайда көркем зиялылардың шығармашылығына деген қысым мұнымен шектеліп қалған жоқ. Оның кеселді формасын материалдық-тұрмыстық езгі құрады. Шығармашылық Одақтардың жеке ғимараттарының болмауы олардың күнделікті жұмыстарын күрделендірді.

Хрущевтік «жылымық» жылдарында да Қазақстан шығармашылық Одақтарының «баспана» мәселесі шешімін таппады. Шығармашылық Одақтар өздерінің іс-шараларын бұрынғысынша қоғамдық негізде партия орындарының тауып берген мекемелерінде өткізумен болды. 60-жылдардың басында да шығармашылық одақтардың арнайы ғимараттары болған жоқ. Шығармашылық Одақтардың алды болып есептелетін Жазушылар Одағының баспана мәселесі 60-жылдардың ортасында оң шешімін тапты. Композиторлар Одағы 60-жылдардың соңын ала баспаналы болды. Сәулетшілер, суретшілер, журналистер, кинематографистер одақтарының материалдық жағдайы ауыр күйінде қалып қоя берді.

Қазіргі уақытта Егемен Қазақстан Республикасы, нағыз демократиялық- құқықтық

мемлекет құруды, ұлттық мәдениетті өркендетуді және дүниежүзілік қоғамдастық пен интеграциялануды қолға алып жатқан тарихи тұста – көркем интеллигенциямен шығармашылық одақтардың орнын айқындаудың, олардың қоғамның рухани сауығындағы рөлін бажайлаудың маңызы зор. Бұл шығармашылық одақтардың, тоталитаризм жылдары жүріп өткен соқпақты жылдарына объективті түрде ғылыми талдау жұмыстарын жүргізгенде ғана мүмкін. Шығармашылық одақтардың кеңестік «тар жол тайғақ кешу» кезеңін жаңаша ғылыми ой елегінен өткізу – әдебиет пен өнердегі күні өткен стереотиптерден, тұжырымдамалардан, нобайлардан тезірек арылуға да мүмкіндік береді.

**Методология.** Зерттеу жұмысының барысында автор ғылыми танымның негізгі ұстанымдары – объективтілік, жүйелілік, детерменизм мен тарихилық принциптеріне арқа сүйеді. Объективтілік - деректердің аясын кеңейту, зерттеу объектісіне қатысты жаңа дәйектерді ғылыми айналымға түсіру, қазіргі кездегі Қазақстан тарихшыларының әр түрлі тұжырымдамалары мен көзқарастарын ескеру арқылы жүзеге асырылды. Тарихилық принципіне сүйене отырып, оқиғалар мен материалдар хронологиялық реттілікпен берілді. Кеңестік тоталитарлық жүйенің эволюциясына сәйкес келетін көркем интеллигенция мен шығармашылық Одақтардың тарихындағы кезеңдер бөлініп қаралды. Детерменизм мен кешенділік принципін ұстана отырып, көркем интеллигенцияға қатысты мемлекеттік саясаттың негізгі әлеуметтік, экономикалық, мәдени бағыттарын анықтауға мүмкіндік алынды. Сондай-ақ, зерттеу жұмысының барысында заманауи тарих, әдебиет, философия, мәдениеттану ғылымдарының жетістіктері пайдаланылды.

Зерттеулерге келсек, Қазақстанның көркем өнері мен интеллигенциясының шығармашылығын зерттеуге, әрбір көркем өнер салаларының өз өкілдері атсалысты. Өткен ғасырдың 50-60 жылдарында Қазақстан музыка мәдениетіне арналған байыпты зерттеулер дүниеге келді. Бұл орайда, А. Жұбановтың зерттеулерін атап өткен жөн. Оның еңбектерінде өткендегі қазақ композиторларының өмірі мен шығармашылығы қамтылды. (Жұбанов А. // Замана бұлбұлдары. Алматы. 1963ж.). Осы жылдары Қазақстан сәулет, кино, бейнелеу өнерлеріне арналған Т.К. Басенов, Н.М. Меңдіқұлов, Қ. Сиранов, Г.А. Сарықұлованың еңбектері пайда болды. (Басенов Т.К. прикладное искусство Казахстана. Алматы. 1958 г., Мендикулов М.М. Архитектура города Алматы. 1958г., Сиранов К. Казахское кино искусство. Алматы 1958., Вандровская Е.Б., Сарыкулова Г.А. Женщины художницы Казахстана). Алайда бұл еңбектерде Одақтардың материалдық базасы зерттеу нысаны болған жоқ. Бұл дәстүр 60-70 жылдардағы зерттеулерде де сақталынып қалды.

80-90 жылдары Қазақстан музыкасының теориясы мен тарихына, музыка фольклорының тарихнамасына, қазақ балетіне, халықтық билерге қатысты Д.Абиров пен А.Исмаилов, Б.Г. Ерзакович пен З.Қ. Қоспақов, Б. Аюханов, З. Дүкенбаева, Ә. Мұханбетовалардың ғылыми және көпшілікке арналған еңбектері жарық көрді. (Д.Абиров., Исмаилов А., Казахские народные танцы. Алматы. 1983г., Ерзакович Б.Г., Коспаков З.К. Қазақ музыка фольклорының тарихнамасы. Алматы. 1986ж., Аюханов Б. Мой балет. Алматы 1988г., Ә.Мұханбетова. Қағажу көрген қазақ музыкасы., Дүкенбаева З. «Қазақстан шығармашылық одақтары және оның Қазақстан халқының мәдениетін дамытудағы рөлі (1920-30жж)». Тарих ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алуға арналған диссертацияның авторефераты. Алматы. 1994ж.). Дегенмен, мұндай мақалалар мен зерттеулерде қазақ көркем өнері туралы жаңа құнды пікірлердің болғандығына қарамастан, Қазақстан шығармашылық Одақтарының материалдық жағдайы тұрмақ, олардың қызметі арнайы қарастырылмайды.

**3. Кеңестік қоғамдағы материалдық-тұрмыстық езгі.** Кеңестік қоғам жағдайындағы жаппай басып жаншудың құрамдас бөлігін материалдық-тұрмыстық езгі құрады. Шығармашылық Одақтардың материалдық базалары мен жеке мүшелерінің тұрмыстық жағдайлары, оларды үнемі қанағаттандырған жоқ. 1946-1960 жылдары барлық шығармашылық Одақтардың арнайы қоғамдық үйлері болмады. Одақ басқармасы негізінен Ал-

маты қалалық атқару комитенің уақытша «тауып берген» мекен-жайларын қанағат тұтты. Ал жағдайлары «тәуір» дегендері редакцияларда, оқу орындарында, баспаларда тағы басқа қоғамдық мекемелерде «тығылысып» орналасты.

Соғыстан кейінгі жылдары жазушылар Одағаның баспанасы болды ма, кесіп айту – қиындықтарды тудырады. Бес- алты шағын бөлмелердің тұрған үйшікте 5 ұйым: екі журналдың редакциясы, әдеби қор, авторлық құқықты қорғау жөніндегі басқарма және жазушылар одағы өзінің бүкіл секцияларымен орналасты [1]. «Үйшіктің» ішіндегі жағдайды жазушы Ә. Әбішевтің 1949 жылы 30 қарашада жазушылар Одағаның IV пленумында сөйлеген сөздері арқылы елестетуге болады: «Редакцияда жағдай жоқ. Дәл біздің редакция отырған үйде ой қызметімен істейтін жазушы емес, көбіне қолы ғана қимылдайтын, сол етікшілер де етігін жөнді тіге алмас еді. Тарлығының үстіне ол үй мезгілінде жуылмайды. Ең ақыры, мезгілінде сыпырылмайды, ол қызметті атқаратын адам жоқ. Кіріп барсаң, әркімдердің аяғымен кірген шалшықтан тайып жығыласың. Түрегелесің, отырайын десең орын жоқ. Редакцияда 5 адам бар, бесеу ара 4 орындық бар. Бесеуінің машинисткамен алтауының, келген авторларының бәрінің жабылатыны бір ғана телефон. Алтауының біреуіне сырттан телефон соғыла қалса алтауының ойы бірден бөлінеді. Сол алты адамның ойын бөлуге құдіреті жетіп тұрған кеселдің құны 50-ақ сом. Ал кейде 50 тиынның кеселі онан кем түспейді. Мысалы, бір жерге екі парақ қағаз жіберетін болып, оны түйреу керек болса, соны түйрейтін, әлгі бір 100 данасы 50 тиындық сымды іздеп, редакцияның қызметкерлері кейде одақты кезіп кетеді. (Әдебиет және өнер редакциясын айтып отыр Т. С.) Егер осы күйде отыра беретін болса ондағы адамдардың журналды жақсарту алмайтыны былай тұрсын, өздері мыяқы болып кетуі мүмкін. Өйткені мыяқы жағдайда отырып, он адамның жұмысын бес адамның істеуі мүмкін емес» [2].

50-ші жылдары да Жазушылар Одағынан баспана мәселесі күн тәртібінен түскен емес. 1954 жылы жазушылар Одағының III съезінде Ғ. Мұстафин «Жазушалыр ұйымының өзі отырған үйде де дұрыс жұмыс істеу қиын. Әдебиетіміз онша сорлы болмаса да бұл жерде Одақтық республикалардың ішінде ең сорлысы біз шығармыз» [133] деп атап көрсетеді. Бұл шығармашылық Одақтардың биресми алды болып саналған жазушылар Одағының жағдайы еді. Қалған Одақтардың «Баспана» жағдайы бұдан да аянышты болды. 1955 жылдың 15 қазанында шығармашылық кездесуде сөйлеген композитор Е. Брусиловскийдің сөздерінен композиторлар одағының «Баспана» жағдайын білуге болады - «Қазақстан Кеңес композиторлары Одағының өмір сүре бастағанына 12 жыл болды, соған қарамастан ол шын мәнісінде жоқ. Жұмыс жүргізу үшін Одақтың ең қарапайым жағдайлары да жоқ. Одақтың мекенжайы жоқ. Ол еш жерде орналаспаған. Оның тұрғын жайы, ең қажет деген сипаты жоқ. Мен, өзім төрағасымын. Телефон тізімінде біздің Одақ белгіленбеген де. Оның телефоны да жоқ. Одақтың шаруалары бойынша, маған үйге және Ерзакович жолдасқа телефон шалынады. Біздің республиканың музыкалық өмірін басқаруға тиісті, Одағымыздың мұндай бейшаралық, қайыршылық тіршілігі сенімнің орнына, шексіз күлкі-мысқыл тудыруда және оның күштеріне деген сенбестік оның беделін түсіруде» [3].

Композиторлар Одағының мұндай апатты материалдық жағдайы өкінішке орай ұзақ жылдарға созылды. 1962-1968 жылдары аралығында композиторлар үйінің жоқтығынан шығармашылық Одақ барлық ұйымдастырушылық іс-шараларын бір орыннан екінші орынға көшіп жүріп өткізді. Қазақ ССР-і Министрлер Кеңесінің 1965 жылдың 12 қаңтарындағы №32 жарлығына сәйкес, Алматы қаласында Композиторлар үйін салуға рұқсат етілгенімен, ол сиырқұйымшақтанып созыла берді. Композиторлар үйі 1969 жылы ғана салынды.

Сәулетшілер Одағының «баспаналық» сергелдеңі бұдан кем түскен жоқ. Одақтың 1949 жылғы берген есебінде басты кедергі ретінде нақ баспананың жоқтығы айрықша аталып көрсетілді - «Біздің жұмысымыздың үлкен тежеушісі жеке тұрғын жайымыздың

жоқтығы болып отыр, сондықтан көрме ұйымдастыратын, үйірме сабақтарын және т.б. өткізетін орын жоқ» [4]. Сәулетшілер Одағының 1952 жылғы жұмысына берген есебінен бұл проблеманың өз орнынан жылжымағанын байқаймыз - «Жиналыс жасау үшін әрдайым «жай іздеуге» тура келеді. Сурет пен акварели үйірмесі «Казгосстройпроект» институтының өндірістік мекен жайында қызметкерлердің жұмыс столдарымен қабаттасып, қатты тығылысқан жағдайларда шұғылдануда» [5].

1955 жылы 15-18 маусым күндері Қазақстан сәулетшілерінің II съезі болып өтті. Съезде Қазақстан сәулетшілері өздерінің материалдық базаларының, әлеуметтік-тұрмыстық проблемаларының ауырлығына тағы да назар аударды. Қазақтың тұңғыш кәсіпқой сәулетшілерінің бірі М. Меңдіқұловтың сөзі жағдайдың жақын арада оңалмайтынын байқатты - «Осы уақытқа дейін біздің Одақтың мекен жайы жоқ. Одақ мүшелерінің арасында ұйымдастырушылық жұмыстар жүргізе қоятын бірде-бір штаттық қызметкер жоқ» [6] – болды.

Қазақстан сәулетшілері баспаналы болу үшін Орталыққа және басқа мемлекеттік орындарға шағым өтініштер жазумен болды. Орталық, Бүкіл одақтық сәулетшілер ұйымы бұл мәселені жергілікті жерлерге ығыстырып отырды. Бүкіл одақтық сәулетшілер ұйымының барлық қолынан келгені, 1955 жылдың 16 маусымында КСРО Кеңес сәулетшілері Одағы Басқармасының Президиум мәжілісін өткізіп, төмендегідей қаулы қабылдады – «Орта Азия мен Қазақстан Республикалары Министрлер Кеңесінің төрағалары мен коммунистік партиялары Орталық комитеттің хатшыларына осы республикадағы Сәулетшілер ұйымдарының шығармашылық Одақтарының жұмысына қажетті жағдай жасау туралы нұсқау беруіне өтініш жасалсын». (Одақ басқармасына жұмыс жасау үшін мекен жай беру, тұрғын үй жағдайларын жақсарту, республикалық лимиттің есебінен штаттық орын саны беру және т.б.) [7]. Алайда, мұндай «жоғарғы өтініштен» де нәтиже шыққан жоқ.

60-жылдардың өн бойында сәулетшілер Одағы үшін баспана мәселесі күн тәртібінен түспеді. Баспана мәселесі Қазақстан сәулетшілерінің 1962 жылы өткен IV съезінде де көтерілді. Одақтың төрағасы Е.К. Дятлов «Республикалық сәулетшілер үйін салу туралы мәселе бірнеше рет көтерілді, алайда әлі күнге дейін оң шешімін тапқан жоқ» [8] деп атап көрсетсе, ол 60 жылдардың екінші жартысында да шешімін тапқан жоқ. 1966 жылы Сәулетшілердің VI съезінде сөйлеген Одақ төрағасы Р.А. Сейдалининнің айтуынша «Республика сәулетшілері Одағының жұмысы қажетті мекен жайдың жоқтығынан, белгілі бір дәрежеде тежеліп қалып отырды» [9].

Журналистер Одағының басқармасы «журналистер үйін» салуды алғашқы құрылған күнінен бастап қолға алған еді. 1958 жылдан бастап, одақтың артынан Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті мен Министрлер кеңесінен бірнеше рет хаттар жолданды. Соған қарамастан, 1961 жылға қарай барлық одақтас республикаларда, тіпті, Ресей федерациясының облыстық бөлімшелерінде «журналистер үйі» болып, Қазақстанда ғана ол болған жоқ [10]. 1961 жылдың 1 тамызында Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің хатшысы Н.Н. Радионовқа жазған хатында, Одақтың жауапты хатшысы М. Байтұрсынов былай деп хабарлайды: «Қазақстан журналистер одағы өздерінің істері жөнінде жиналу үшін әрқашан баспана іздеуге мәжбүр... Алматыда республикалық семинарлар, кеңестер мен конференциялар өте жиі өткізіледі. Алайда, осы іс-шараларды өткізу үшін өзінің жеке тұрғын жайы болмағандықтан Одақ өткізетін мекен-жайды үнемі әркімнен сұрауға мәжбүр. Одақтың секретариаты уақытша «Социалистік Қазақстан» газеті редакциясының бір бұрышын алып отыр» [11].

1961 жылы КОКП Орталық комитеті «Кеңес баспасөзіндегі жұмысшы және село тілшілерінің бұқаралық қозғалысына басшылықты жақсарту туралы» қаулысына сәйкес, жергілікті жерлерде қоғамдық бастамадағы тілшілердің қозғалысы қолға алынған болатын, бірақ чиновниктер оның материалдық жағын ескерген жоқ. Бұл қозғалыс материал-

дық тұрғыдан көптеген қиындықтар тудырды. Редакциялардағы материалдық қиындықтар Қазақстан журналистерінің ІІ съезінде (1962) Көкшетау облыстық газетінің редакторы У.Оспановтың сөзінде әңгіме арқауы болды: «Біз штаттан тыс бөлімдер, кеңестер құрдық, бірақ оларға стол қоятын жер жоқ, олар редакцияда жұмыс істей алуы үшін анықтамалық әдебиеттер беру керек қой, бірақ бізде орын жоқ» [12]. Мұндай жағдай республиканың барлық редакцияларына тән болды.

Соғыс жылдары Алматы қаласына Орталық біріктірілген киностудия (ЦОКС) эвакуацияланып 1941-1944 жылдары шамасының келгенінше жұмыс істеген еді. Соғыс аяқталған соң кетерінде олар сол уақыт өлшемімен алғанда өздерінің жақсы жабдықталған кино өндірісі базасын, негізгі цехтарын қалдырып кетті. Алайда режиссерлар мен сценарийстердің жоқтығынан кино шығару толығымен тоқтатылды. 1945-52 жылдары жеті жылдың ішінде бар болғаны үш картина жарық көрді—«Абай әндері», «Алтын мүйіз», «Жамбыл». Осындай тартысты жағдайда мамандардың тапшылығынан 50-жылдардың ортасында театр режиссері Ш. Айманов өзі үшін мүлде таңсық киностудияны басқаруға жіберілді. «Не было счастье, да несчастье помогло». Уақыт көрсеткендей бұл ұлттық кино үшін оның бағы болды. Ш. Айманов 1947 жылдан Қазақ мемлекеттік Академиялық драма театрының бас режиссері еді. Киноға келгенге дейінгі оның басты жетістігі М. Әуезовтың «Абай жолы» романын сахналағаны үшін 1952 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығын алғандығы еді. Алайда Ш. Айманов қазақ киносына келгенде онда студия үйі де болған жоқ-тын.

**Баспана мәселесі жолындағы күрес.** Қазақстан кино шеберлерінің де «баспаналы» болу жолындағы күресі оңай болған жоқ. 1959 жылдың 17 қарашасында өткен кинематографистер мен мәдениет министрлігінің кеңесінде қазақтың тұңғыш режиссері Ш.Айманов: «Біз қазір киностудиядағы кішкентай бөлмеде тығылысып отырмыз, біздің тарапымыздан бірнеше рет мәселе көтеріліп, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің І хатшысы Беляев жолдаспен біздің жеке кездесулерімізге, пікір алысуларымызға қарамастан, кино үйі туралы мәселе әлі күнге дейін шешілмеуде» [13] деген еді.

1960 жылдардың І жартысында Қазақстан киностудиясы бар болғаны 1,5-1,8 га территорияда орналасты. Бұл жылдары жылына кем дегенде 10-15 фильмдер шығаратын қалыпты киностудиялар әдетте 15-20 га жерді алып орналасатын. Дербес кино үйін салып бере алмаған Қазақстан басшылары 1960 жылдың мамыр айынан бастап, Қазақстан жазушылар одағының мәжіліс залы негізінде кино үйін ашуға рұқсат берді. Ол негізінен гардеробтан, көрермендер залынан, қосалқы жайдан тұрды. Екі шығармашылық Одақ мүдделерінің осылайша киліктірілуі қолайсыздықтар тудырды, әсіресе, жазушылар Одағын қуантпады.

1948 жылы Қазақстан суретшілер Одағының үйі, қаланы жобалау-жоспарлау бойынша «бұзылуға» тиісті мекен жайда тұрды. 1954 жылы республика суретшілерінің ІІІ съезінде сөйлеген Х. Наурызбақтың айтуынша: «Суретшілер үйін» салу созыла түсті. Үкіметтің белгілеген барлық мерзімдері өтіп кетті» [14]. 1950 жылдардың аяғында ғана суретшілер Одағы «баспаналы» болды. Атап айтқанда, салынған үйдің «сәулеттік» талаптарға сәйкес келмегені сондай суретшілер оның «шығармашылық және қоғамдық мұқтаждықтарды өтеуге жарамдылығына» күмән келтірді [15]. Дегенмен, 1960 жылдардың аяғына дейін суретшілер Одағы осы үйді місе тұтуға тура келді.

Жарғылары бойынша, Одақтардың материалдық жағдайын қамтамасыз ететін ұйым - Бүкіл Одақтық шығармашылық ұйымдардың жанындағы арнайы қорлар (фондылар) мен оның құрылымдары еді. Фондылардың қаржылары негізінен кіру жарнасынан, ай сайынғы мүшелік жарналардан, мемлекеттік органдардың бөлген қаржыларынан, шығармашылық Одаққа қатысты мекемелердің табыстарынан құралды. Орталықтағы қорлардың жергілікті жерлерде, Одақтас республикаларда филиалдары болып, Қазақстандағы шығармашылық Одақтардың материалдық базасын қамтамасыз ету – осы филиалдардың тікелей міндеті болды. Дәстүрлі кеңестік тәртіп бойынша, қаржы орталықтан бөлініп отырылғандықтан,

республикалардағы, оның ішінде, Қазақстандағы қорлардың мүмкіндігі мардымсыз еді. Осы орайда, жазушылар Одағының III-съезінде (1954) жазушы Ғ.Мұстафин «Қазақстан литфондасы жазушылардың жағдайын түзеу, пәтер, демалыс үйлерін салғызып беру мәселелерін шешіп беру түгіл, өзінің екі жарым адамына (берілген штатты айтып отыр. Т.С.) баспана таба алмай жүр» [16] деп атап көрсеткен еді. Оның себебі, орталықтың шығармашылық чиновниктері ең бірінші кезекте өздерін қаржымен қамтамасыз еткеннен кейін ғана, республикалардағы одақтардың қорларына ақша босатып отырды. Бұл тұрғыда бюрократикалық қоғамның атақты «қалдықты принципі»-классикалық формада жүзеге асырылды. Кейде мардымсыз қаржының өзі қысқартылып отырды. Сондықтан орталық қорлардан бөлінген қаржылардың материалдық-тұрмыстық мәселелерді шешудегі рөлі төмен болды. Қазақстан суретшісі Чаркомскийдің бейнелеп айтқанындай орталықтан бөлінген қаржы «төренің столынан қалған тиын-тебен мен қиқым ғана» еді. Бұл туралы ол 1947 жылдың 29 мамыр күні Суретшілер одағының жалпы жиналысында айтты: - «Неліктен Мәскеу біздің аяғымыздан тік тұрып кетуімізге көмектесіп, содан соң бізден талап етпейді. Оның үстіне онсыз да көзге көрінбейтін қаржы есебімізді (смета) Мәскеу үнемі қиып тастап отырады» [17].

Шығармашылық интеллигенция өкілдерінің еңбегіне ақы төлеудегі әділетсіздіктер, шығармашылық туындыны мемлекетті бағалау саясатынан да айқын көрінді. Тоталитарлық қоғамның көп «ғажайыптарының» бірі – Кеңес мемлекетінің жақсы көркем туындылардың барлығына бірдей лайықты ақша төлей алмағандығында, қайта керісінше, көбіне ортаң қолды шығармаларға қаржының көп бөлінгендігінде болды. Бұл тоталитарлық қоғамның потологиялық кедейшілігімен түсіндірілсе керек.

1956 жылдың 23 сәуірінде бір топ Қазақстан жазушыларының КОКП Орталық Комитетіне жазған хатында былай делінді: «Қаржы органдары баспаға, өнеркәсіп-қаржылық жоспар белгілеген, ол бойынша 75 процент қанағаттанарлық, 20 проценті жақсы және тек 5 процент өте жақсы кітаптар шығаруға тиісті болып, осыған сәйкес қанағаттанарлық баға алғандарға төменгі ставкамен, жақсы баға алғандарға орта ставкамен, ал, өте үздік баға алғандарға жоғарғы ставкамен қаламақы және қаражат бөлінген. Бұл норманы аттап өтуге баспаның құқы жоқ» [18]. Көріп отырғанымыздай үздік шығармалардың 5-ақ пайызына ғана Кеңес мемлекеті жоғарғы ставкамен төлей алды да, қалғанына объективті түрде төменгі ставкамен төленді. Бұл Қазақстан жазушыларының материалдық-тұрмыстық мүдделеріне ауыр тиді. Ғ.Мұстафиннің сөзімен айтқанда, «Қазақстанда авторлық құқық, қаламақы саясаты, қаламақы заңы бухгалтерлердің қолына көшуге айналды. Қазақ үкіметінің заңы бойынша шығармаға сапасына қарай үш түрлі баға белгіленген. Қазір соның көбінесе ең төменгісі қолданылады. Бұл жақсы жазамын деп қиналмайақ-қой деген сөз. Ал заң жақсы жазғанға төле деп отыр. Жазушы қайсысын жақсы қолдануы керек» [19].

1934 жылы 28 қарашадағы КСРО халық комиссарлары кеңесінің қаулысына сәйкес қабылданған музыкалық шығармаларға төлем тарифі бойынша барлық кеңес композиторлары үш топқа: жоғары, бірінші, екінші категорияларға бөлінді. Композиторлардың белгілі бір категорияларға жатқызылуы немесе кіргізілуі жылына бір рет шақырылатын арнайы комиссиямен анықталып отырды. Композиторларды қай категорияларға кіргізу, шығармашылық чиновниктернің қолында болды.

Республиканың баспа, редакцияларында қызмет атқарған штаттық әдеби қызметкерлердің жалақылары Одақтық баспалардағы немесе партиялық-мемлекеттік басылымдардағы қызметкерлердікінен кем болды. Мысалы, 1960 жылдардың бірінші жартысында Одақтық «Дон» журналы бас редакторының жалақысы 375 сом, бөлім редакторыныңкі 225 сом болды. «Партийная жизнь Казахстана» журналы редакторының айлық жалақысы 250, бөлім меңгерушісініңкі 180 сом еді. Ал шығармашылық Одақтардың органдары: «Жұлдыз», «Простор» журналдары редакторларының жалақысы 180, бөлім меңгерушісініңкі 110 сом

болды. Оның үстіне «Жұлдыз», «Простор» журналдарының редакциялық штаттарында редактордың орынбасары, ғылым мен техника бөлімінің меңгерушісі, суретші, фототілші, техникалық редактор, корректорлық орындар көрсетілмеді. Штаттық кесте өте шектеулі болды.

Шығармашылық еңбекке ақы төлеудегі әділетсіздіктер барлық шығармашылық салаларына тән болды. Еңбекті бағалаудағы әділетсіздіктер мен шарттылықтар, шығармашылық белсенділікке кері әсерін тигізді. Материалдық-тұрмыстық жағдайын шығармашылық белсенділікпен жақсартуға тырысқандардың көпшілігінің үміті ақталмай жатты. Одақтардың өкілдері авторлық қаламақының тарифтерін өзгертуге талпынып партиялық-мемлекеттік орындарға қаншалықты өтініш-шағымдар жазғанымен, бұл мәселе орнынан баяу ілгеріледі. 1956-жылдың 23-сәуірінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің ғылым мен мәдениет бөліміне жазған хатында композитор Құдыс Қожамьяров былай деп жазады - «...Музыкалық шығарма үшін берілетін авторлық қаламақының тарифтері қайта қаралуы керек, Орталықта тұратын композиторларға қарағанда республикада жұмыс істейтін композиторлар өздерінің шығармалары үшін едіуір төмен алатын (шамамен екі есе) болып белгіленген тариф шығармашылыққа кері әсерін тигізіп отыр» [20].

Қазақстан суретшілерінің еңбегін бағалауда да тоталитарлық жүйе көркемдік құндылық тұрғысынан емес, тұрпайы материалдық, саяси тұрғыдан қарады. Мысалы, тарихи тақырыптарға, ұрыс-шайқастар бейнеленген туындыларға немесе жанрлық сипаттағы картиналарға жоғарғы ставкамен төленді де, басқа жанрда салынған шығармаларға одан төмен бағамен төленді. Бұған, 1962 жылы республика суретшілерінің 6-шы съезінде сөйлеген суретші С. Мәмбеевтің сөздері дәлел бола алады. «Осы бір маңызды істе елеулі кемшіліктер бар». Мысалы, станокты живописьтерді сатып алу және тапсырыс беруде эксперттік комиссия мынадай біртұтас баға ережелерін басшылыққа алады: тарихи, ұрыс-шайқастық немесе жанрлық сипаттағы картиналар 3000 сомға дейін, топтық портреттер 2000 сомға дейін, портреттер 1000 сомға дейін, пейзаж 700 сомға дейін, натюрморт 500 сомға дейін бағаланады. Бұл жерде басты нәрсе – өнер шығармаларын оның көркемдік сапасына сәйкес бағалау ескерілмей тұр»[21]. Ол ол ма скульптуралық туындыларды бағалаудың маңызды компоненттерін, оның көлемі, ұзын-қысқалығы құрады. Скульптуралық шығарма метрмен, тіпті, сантиметрмен өлшенді, соған орай ақша төленді.

Журналистер, Сәулетшілер кинематографистер еңбегі де мейлінше мардымсыз бағаланды, шығармашылық интеллегенцияның айлық жалақылары да семьяларын материалдық жағынан қамтамасыз етуге жетпеді. Мысалы, журналистердің жалақысы инженер мен агроном жалақыларынан төмен болды. 1962 жылы өткен Қазақстан журналистерінің II-съезінде Қызылордалық журналист Қалқабай Әбенев «...журналистердің айлығын, ең болмаса, инженер мен агрономдар жалақысы көлеміне дейін белгілеуді» өтінді [22]. Шығармашылық интеллегенцияның көптеген өкілдері күн көру немесе отбасын асырау үшін «басқа жақтан» да қосымша жұмыстар іздеуге мәжбүр болды. Ондай жағдайда, шығармашылық Одақтардың чиновниктері тарапынан мұндай «табыскерлер» қолдау таппай, «кеңес жазушысы», «кеңес суретшісі», «кеңес композиторы» және т.б. «жоғарғы атақтардың» беделін түсіргені үшін сынға ұшырады. Тұрмыстың тауқыметінен осындай пендешіліктерді көп жасаған ақын Н. Титов талай рет әріптестерінің алдында қызаруына тура келді. Оның қияс тірліктерге баруын жазушы С. Мұқанов былай деп күстаналайды: «Николай Титов мемлекеттік қамсыздандыру мекемесі үшін, жинақ кассасы үшін де өлең жазуға бар, онан соң әртістер өнер көрсеткен жасыл баққа арнап өлең жазды. Біз оған, сен жазушы деген атаққа кір келтіресің деп айтып едік, ол жиналыста мұны мойындайды да, бірақ менімен оңашада: менің балаларым бар, қалтамда ақшам жоқ болса мен не істеймін, мен бала-шағамды асырауым керек қой дейді» [23].

Шығармашылық интеллигенция өкілдерінің басқа жақтан қосымша табыс табуға

шығуының шын тұрмыстық себебін композитор Шаргородский былайша түсіндіреді - «бірде-бір Қазақстан композиторы өздерінің композиторлық еңбегінің нәтижесімен күнін көре алмайды. Сондықтан олар не болса сонымен айналысуға мәжбүр, егер қолынан келсе педагогикалық қызметпен айналысуда, өз бетінше жұмыс жасауда... олар да күнін көру керек қой» [24]. Кеңес жылдарында көркем интеллигенция өкілдерінің мұндай тұрмыстық тығырыққа тірелуі тоқтаусыз болып тұрды. Олардың мардымсыз қаламақыларының төленуі-төленбеуі де мемлекеттік құрылымдардағы чиновниктердің қолында еді. Композиторлар Одағының I съезінде (1948) композитор Н. Тілендиев «Радио комитеттерге композиторлар баруын қойды, тіпті, радио комитетті ұмытып кетті. Бұл неліктен? Өйткені, оған барғың да келмейді. Қабылданған нәрсең үшін композиторларға ақша төленбейді, кейде істің насырға шапқаны сондай, ол ақшанды сот тәртібімен өндіріп алуға дейін баруға тура келеді» [25] - деп шағымданды. Сонымен, шығармашылық өкілдері өздерінің төл еңбек ақысын алу үшін соттасуға дейін барып отырды.

**Қорытынды.** Көркем интеллигенцияның материалдық-әлеуметтік жағдайының ауырлығына, шығармашылық Одақтардың дербес баспаларының, тіпті, көпшілігінің баспа органдарының, басылымдарының болмауы да әсерін тигізді. Соғыстан кейінгі жылдары, тек жазушылар Одағының орыс, қазақ тілдерінде шыққан екі мерзімдік журналы болды. 50-жылдардың ортасынан бастап «Қазақ әдебиеті» газеті шыға бастады. Қалған шығармашылық Одақтардың дербес мерзімдік баспасөзі болған жоқ. 1968 жылы Суретшілер Одағының VIII съезінде суретші А. Ғалымбаева «Бізде арнайы баспасөз органы, журналы, газеті жоқ, халыққа эстетикалық тәрбие беруде бұлар да қажет, егер баспасөз органы болмаса, қалай дамуға болады» [26] – деп орынды мазасызданғандық білдірді.

Сәулетшілердің, суретшілердің, композиторлардың т.б. дербес басылымдарының болмауы, көркем интеллигенция үшін материалдық жағынан ғана емес, шығармашылық өсуіне де кері әсер етті.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві. 1778- қор. 2 – тізбе.19- іс.39 п.- архив деректері
- 2 Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві. 1778- қор. 2 – тізбе.24-іс.14 п.- архив деректері
- 3 Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві. 1778- қор. 104-іс. 2- тізбе.63 п. -архив деректері
- 4 Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві. 1840 – қор. 1 – тізбе.48-іс. 54 п.- архив деректері
- 5 Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві. 1840 – қор. 1 – тізбе.15-іс. п.- архив деректері
- 6 Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві. 1773 қор. 1 – тізбе.62-іс. 7 п.- архив деректері
- 7 Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві. 1773 қор. 1 – тізбе. 84-іс.12 п.- архив деректері
- 8 Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві. 1773 қор. 1 – тізбе. 104 –іс. 37 п.- архив деректері
- 9 Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві. 1773 қор. 1 – тізбе.95-іс. 21 п.- архив деректері
- 10 Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві. 1773 қор. 1 – тізбе. 210-іс. 51 п.- архив деректері
- 11 Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві. 1773 қор. 1 – тізбе. 298-іс.



- 12 п.- архив деректері  
12 Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві.1824-қор.1-тізбе.69-іс. 54 п.- архив деректері  
13 Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві.1824-қор.1-тізбе. 69-іс. 19,20 п.- архив деректері  
14 Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві.1824-қор.1-тізбе. 78-іс. 55 п.- архив деректері  
15 Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві. 2128-қор. 1-тізбе. 23-іс. 9 п.- архив деректері  
16 Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві.2128-қор. 1-тізбе. 41-іс. 6 п.- архив деректері  
17 Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві.2128-қор. 1-тізбе. 79-іс. 9 п.- архив деректері  
18 Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві. 1736 – қор. I – тізбе.460-іс. 35 п.- архив деректері  
19 Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві. 1736 – қор. I – тізбе. 514- іс. 50 п.- архив деректері  
20 Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві. 1778- қор. 2 – тізбе. 104-іс.65 п.- архив деректері  
21 Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві. 1736 – қор. I – тізбе. 229- іс. 37 п.- архив деректері  
22 Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві. 1778- қор. 2 – тізбе.176-іс. 10 п.- архив деректері  
23 Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві. 1778- қор. 2 – тізбе. 104 –іс. 63,64 п.- архив деректері  
24 Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві. 1778- қор. 2 – тізбе. 507-іс. 4 п.- архив деректері  
25 Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві . 1840 – қор. 1 – тізбе. 115-іс. 6 п.- архив деректері  
26 Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві . 1736 – қор I – тізбе.701-іс.23 п.- архив деректері

**Т.Я. Сәтбай<sup>1</sup>, К.М. Ильясова<sup>2</sup>**

*<sup>1</sup>Қызылординский государственный университет им. Коркыт Ата,  
Қызылорда, Казахстан*

*<sup>2</sup>Евразийский национальный университет им.Л.Н. Гумилева,  
Нур-Султан, Казахстан*

### **Материальное положение творческих союзов Казахстана в послевоенные годы**

**Аннотация.** В статье рассматривается социально-материальное положение художественной интеллигенции и творческих союзов Казахстана в послевоенные годы. Самым активным из творческих союзов являлся Союз писателей страны, который не имел своего помещения, не говоря уж об остальных творческих объединениях. В помещении Союза писателей, состоящем из пяти или шести небольших комнат, размещалось пять блоков: два издания журналов, литературный фонд, бюро по защите авторских прав и все отделы Союза писателей. Даже в пятидесятые годы этот вопрос остро стоял на повестке дня.

Союз композиторов, к примеру, не имел даже такого помещения. Дом композиторов был построен только в 1969 году. Это обстоятельство было характерно и для Союзов архитекторов, кинематографистов, журналистов и художников. Тяжелое социально-материальное положение худо-

жественной интеллигенции Казахстана было обусловлено отсутствием независимых издательств, собственных типографий и справедливой оценки труда художественной интеллигенции. Также показана роль других факторов, влияющих на социально-материальный статус художественной интеллигенции.

**Ключевые слова:** творческие союзы Казахстана, художественная интеллигенция, архитекторы, кинематографисты, журналисты, художники, творческие союзы, социально-материальное положение.

**T.Y. Satbai<sup>1</sup>, K.M. Ilyassova<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>*Korkyt Ata Kyzylorda State University, Kyzylorda, Kazakhstan*

<sup>2</sup>*L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

### **The financial situation of creative unions of Kazakhstan in the post-war years**

**Abstract.** The article discusses the socio-material situation of the artistic intelligentsia and creative unions of Kazakhstan in the post-war years. The most active of the creative unions was the Union of Writers of the country, which did not have their own premises, not to mention the rest of the creative associations. The building of the Writers 'Union, consisting of five or six small rooms, housed five blocks: two magazines, a literary fund, a copyright office, and all departments of the Writers' Union. Even in the fiftieth, this issue was acute on the agenda. And the Union of Composers did not even have such premises. The house of composers was built only in 1969. This circumstance was also characteristic of the Union of Architects, Filmmakers, Journalists and Artists. The difficult social and material situation of the artistic intelligentsia of Kazakhstan was due to the lack of independent publishing houses, their own printing houses and a fair assessment of the work of the artistic intelligentsia. And also, it is shown the role of other factors affecting the socio-material status of the artistic intelligentsia.

**Key words:** creative unions of Kazakhstan, artistic intelligentsia, architects, cinematographers, journalists, artists, creative unions, social and material situation.

### **References**

- 1 Central State Archives of the Republic of Kazakhstan [Kazakhstan Respublikasy Ortalyk Memlekettik Arhivi]. 1778 Stock. 2 list. 19 business. 39 sheet.
- 2 Central State Archives of the Republic of Kazakhstan [Kazakhstan Respublikasy Ortalyk Memlekettik Arhivi]. 1778 Stock. 2 list. 24 business. 14 sheet.
- 3 Central State Archives of the Republic of Kazakhstan [Kazakhstan Respublikasy Ortalyk Memlekettik Arhivi]. 1778 Stock. 104 list. 2 business. 63 sheet.
- 4 Central State Archives of the Republic of Kazakhstan [Kazakhstan Respublikasy Ortalyk Memlekettik Arhivi]. 1840 Stock . 1 list .48 business. 54 sheet.
- 5 Central State Archives of the Republic of Kazakhstan [Kazakhstan Respublikasy Ortalyk Memlekettik Arhivi]. 1840 Stock. 1 list.15 business.
- 6 Central State Archives of the Republic of Kazakhstan [Kazakhstan Respublikasy Ortalyk Memlekettik Arhivi]. 1773 stock. 1 list. 62 business. 7 sheet.
- 7 Central State Archives of the Republic of Kazakhstan [Kazakhstan Respublikasy Ortalyk Memlekettik Arhivi]. 1773 stock. 1 list. 84 business. 12 sheet.
- 8 Central State Archives of the Republic of Kazakhstan [Kazakhstan Respublikasy Ortalyk Memlekettik Arhivi]. 1773 stock. 1 list. 104 business. 37 sheet.
- 9 Central State Archives of the Republic of Kazakhstan [Kazakhstan Respublikasy Ortalyk Memlekettik Arhivi]. 1773 stock. 1 list. 95 business paper. 21 sheet.

- 10 Central State Archives of the Republic of Kazakhstan [Kazakhstan Respublikasy Ortalyk Memlekettik Arhivi]. 1773 stock. 1 list. 210 business paper. 51 sheet.
- 11 Central State Archives of the Republic of Kazakhstan [Kazakhstan Respublikasy Ortalyk Memlekettik Arhivi]. 1773 stock. 1 list. 298 business paper. 12 sheet.
- 12 Central State Archives of the Republic of Kazakhstan [Kazakhstan Respublikasy Ortalyk Memlekettik Arhivi]. 1824 stock. 1 list. 69 business paper. 54 sheet.
- 13 Central State Archives of the Republic of Kazakhstan [Kazakhstan Respublikasy Ortalyk Memlekettik Arhivi]. 1824 stock. 1 list. 69 business paper. 19,20 sheet.
- 14 Central State Archives of the Republic of Kazakhstan [Kazakhstan Respublikasy Ortalyk Memlekettik Arhivi]. 1824 stock. 1 list. 78 business paper. 55 sheet.
- 15 Central State Archives of the Republic of Kazakhstan [Kazakhstan Respublikasy Ortalyk Memlekettik Arhivi]. 2128 stock. 1 list. 23 business paper. 9 sheet.
- 16 Central State Archives of the Republic of Kazakhstan [Kazakhstan Respublikasy Ortalyk Memlekettik Arhivi]. 2128 stock. 1 list. 41 business paper. 6 sheet.
- 17 Central State Archives of the Republic of Kazakhstan [Kazakhstan Respublikasy Ortalyk Memlekettik Arhivi]. 2128 stock. 1 list. 79 business paper. 9 sheet.
- 18 Central State Archives of the Republic of Kazakhstan [Kazakhstan Respublikasy Ortalyk Memlekettik Arhivi]. 1736 stock. I list. 460 business paper. 35 sheet.
- 19 Central State Archives of the Republic of Kazakhstan [Kazakhstan Respublikasy Ortalyk Memlekettik Arhivi]. 1736 stock. I list. 514 business paper. 50 sheet.
- 20 Central State Archives of the Republic of Kazakhstan [Kazakhstan Respublikasy Ortalyk Memlekettik Arhivi]. 1778 stock. 2 list. 104 business paper. 65 sheet.
- 21 Central State Archives of the Republic of Kazakhstan [Kazakhstan Respublikasy Ortalyk Memlekettik Arhivi]. 1736 stock. I list. 229 business paper. 37 sheet.
- 22 Central State Archives of the Republic of Kazakhstan [Kazakhstan Respublikasy Ortalyk Memlekettik Arhivi]. 1778 stock. 2 list. 176 business paper. 10 sheet.
- 23 Central State Archives of the Republic of Kazakhstan [Kazakhstan Respublikasy Ortalyk Memlekettik Arhivi]. 1778 stock. 2 list. 104 business paper. 63,64 sheet.
- 24 Central State Archives of the Republic of Kazakhstan [Kazakhstan Respublikasy Ortalyk Memlekettik Arhivi]. 1778 stock. 2 list. 507 business paper. 4 sheet.
- 25 Central State Archives of the Republic of Kazakhstan [Kazakhstan Respublikasy Ortalyk Memlekettik Arhivi]. 1840 stock. 1 list. 115 business paper. 6 sheet.
- 26 Central State Archives of the Republic of Kazakhstan [Kazakhstan Respublikasy Ortalyk Memlekettik Arhivi]. 1736 stock. I list. 701 business paper. 23 sheet.

**Автор туралы мәлімет:**

**Сәтбай Т.Я.** – тарих ғылымдарының докторы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің қауымдастырылған профессоры, Әйтеке би, 29А, Қызылорда, Қазақстан.

**Ильясова К.М.** – тарих ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің шығыстану кафедрасының профессор м.а., Сәтбаев көшесі 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Satbai T. Y.** – Doctor of Historical Sciences, Korkyt Ata Kyzylorda State University, Aiteke bi 29A, Kyzylorda, Kazakhstan.

**Ilyassova K.M.** – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of the Department of Oriental Studies, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Satbaev str. 2, Nur-Sultan, Kazakhstan.